

Салық органдарына соңғы 9 ай ішінде салықтар бойынша декларациялар табыс етпеген ұйымдардан салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектерді өндіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 10 ақпандағы N 52 Бұйрық. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылы 19 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 693. Бірлескен бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 340, ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 255 Бірлескен бұйрығымен.

Ескерту: Бірлескен бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі N 340, ҚР Әділет министрінің 2005 жылғы 22 қыркүйектегі N 255 Бірлескен бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

1. "Салық органдарына соңғы 9 ай ішінде салықтар бойынша декларациялар табыс етпеген ұйымдардан салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектерді өндіру туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрінің 1999 жылғы 10 ақпандағы N 52 және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 19 ақпандағы N 12 (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 693 болып тіркелген) бірлескен бұйрығының күші жойылды деп танылсын...

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

Салық органдарына соңғы 9 ай ішінде салықтар бойынша декларациялар табыс етпеген ұйымдардан салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер бойынша берешектерді өтеу мақсатында бұйрық өтеміз:

1. Облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша салық комитеттері:

1) салық органдарына соңғы 9 ай ішінде салықтар бойынша декларациялар табыс етпеген және бюджет алдындағы несиелік берешегі 2500 айлық есепті көрсеткіштен асатын ұйымдардың тізімін 1-қосымшаға сәйкес нысанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігіне 10 күн ішінде

т а б ы с

е т с і н ;

2) тізімдер табыс етілгеннен кейін 30 күннен кешіктірмей несиелік берешекті сот тәртібімен өндіріп алу туралы мәселелерді шешуге кіріссін;

3) сот шешімдері заңды күшіне енгеннен кейін үш күн ішінде олардың көшірмелерін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Салық полициясы комитетінің аумақтық басқармаларына жіберсін.

2. Облыстар және Астана мен Алматы қалалары бойынша әділет б а с қ а р м а л а р ы :

1) талаптарды табыс етумен бір мезгілде талаптарды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдану туралы арыздарды соттарға жібере отырып, бюджет алдындағы берешектерді өндіру туралы талаптар мен талап арыздарды әзірлеуде салық комитетінің аумақтық органдарына жәрдем көрсетсін;

2) несиелік берешектерді өндіру туралы заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша олардың заңдарда белгіленген тәртіп бойынша орындалуы жөнінде салық полициясы органдарымен бірден бірлескен іс-қимыл қолдансын;

3) жоғарыда аталған талап арыздарды қарау кезінде соттардың іс қарау мерзімдерін сақтауын бақылауға алсын.

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тергеу департаменті мен оның аумақтық органдары берешек иелерінің сот шешімдерін орындаудан қысастық жалтаруы туралы материалдар бойынша қылмыстық істер қозғау туралы мәселелерді бірден шешетін болсын.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті мен оның аумақтық басқармалары:

1) бюджетке несиелік берешектерді өндіру туралы сот шешімдерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында мүлікті, ақшалай, материалдық және өзге де құндылықтарды табу жөнінде жедел-ізвестіру шараларын жүргізсін;

2) несиелік берешектерді өндіру туралы заңды күшіне енген сот шешімдері бойынша олардың заңдарда белгіленген тәртіп бойынша орындалуы жөнінде әділет органдарымен бірден бірлескен іс-қимыл қолдансын;

3) несиелік берешектерді өтеуден қысастық жалтару туралы материалдар бойынша қылмыстық істер қозғау туралы мәселелерді бірден шешетін болсан;

4) жұмыс нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен тиісті әділет органдарына ай сайын 5-не қарай ақпарат б е р і п о т ы р с ы н .

5. Бірлескен бұйрықтардың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс Вице-министрі Б.Тәжияқовқа.

Қазақстан Республикасының Әділет Вице-министрі _____ жүктелсін.

6. Бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс министрі

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

Қосымша N 1

-----N !Ұйымның!Басшының!
Қай уақыттан бастап!Бюджеттің алдында
қ.!атауы !аты-жөні! жұмыс істемей тұр !берешек
б.! ! ! !-----
! ! ! !салық!айыппұл!өсім!барлығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК